ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 7 наурыз №4712-24-00-2/4807іс Ақтау қаласы

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты, құрамында:
төрағалық етуші судья А.О.Аташева,
сот отырысының хатшысы А.Ж.Болекбаеваның қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша электронды азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Маңғыстау облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Altynzhol Group» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1.мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатусышысы деп тану туралы
2.шарт міндеттемелерін толықтай орындауды міндеттеу

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
прокурор А.Дюсенова
талап қоюшы өкілі А.Салиев
жауапкер өкілі С.Шамханов

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2019 жылы 4 қазанда тараптар арасында құрылыс саласындағы жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы үлгілік шарты №36 (әрі қарай-Шарт) жасалған.

Шарттың №1 қосымшасына сәйкес жауапкер құрылыс-монтаж жұмыстарын жасау үшін хабарламаны алған күнінен бастап 26 ай ішінде «Өмірзақ» кентінен бастап Ақтау қаласының Жылы жағажайына дейін автомобиль жолын салу. Түзету жүргізу тиіс болған.

Шарттың жалпы сомасы 2 589 297 263 теңге құрайды.

Содан кейін тараптар 16 қазан 2019 жылы Шартқа қосымша келісім № 1 жасаған. Осы келісім аумақтық қазынашылық органында тіркеу күннен бастап күшіне енеді және 31 желтоқсан 2020 жылға дейін әрекет етіп, жауапкер құрылыс-монтаж жұмыстарын жасау үшін хабарламаны алған күнінен бастап 26 ай ішінде жұмыстарды аяқтауы тиіс, қаржыландыру 195 000 000 теңге, 2 394 297 2863,84 теңге қарастырылған.

13 желтоқсан 2019 жылы тараптар осы Шартқа № 2 қосымша келісім жасаған. Осы келісім аумақтық қазынашылық органында тіркеу күннен бастап күшіне енеді және 31 желтоқсан 2020 жылға дейін әрекет етіп, жауапкер құрылыс-монтаж жұмыстарын жасау үшін хабарламаны алған күнінен бастап 26 ай ішінде жұмыстарды аяқтауы тиіс, қаржыландыру 293 999 999,61 теңге, 2 295 297 264,23 теңге қарастырылған.

13 наурыз 2020 жылы тараптар осы Шартқа № 3 қосымша келісім жасаған. Осы келісім аумақтық қазынашылық органында тіркеу күннен бастап күшіне енеді және 31 желтоқсан 2021 жылға дейін әрекет етіп, жауапкер құрылыс-монтаж жұмыстарын жасау үшін хабарламаны алған күнінен бастап 26 ай ішінде жұмыстарды аяқтауы тиіс, қаржыландыру 1 000 000 000 теңге, 1 295 297,23 теңге, 293 999 999,61 теңге қарастырылған.

11 мамыр 2020 жылы тараптар осы Шартқа № 4 қосымша келісім жасаған. Осы келісім аумақтық қазынашылық органында тіркеу күннен бастап күшіне енеді және 31 желтоқсан 2021 жылға дейін әрекет етіп, жауапкер құрылыс-монтаж жұмыстарын жасау үшін хабарламаны алған күнінен бастап 26 ай ішінде жұмыстарды аяқтауы тиіс, қаржыландыру 2 036 367 001, 97 теңге, 258 930 262, 26 теңге, 293 999 999,61 теңге қарастырылған.

8 желтоқсан 2020 жылы тараптар осы Шартқа № 5 қосымша келісім жасаған. Осы келісім аумақтық қазынашылық органында тіркеу күннен бастап күшіне енеді және 31 желтоқсан 2021 жылға дейін әрекет етіп, жауапкер келісім жасалған күннен бастап 26 ай ішінде жұмыстарды аяқтауы тиіс, қаржыландыру 2 036 367 001, 97 теңге, 293 999 999,61 теңге, 32 999 624,46 теңге, 225 930 637,80 теңге қарастырылған.

24 желтоқсан 2020 жылы тараптар осы Шартқа № 6 қосымша келісім жасаған. Осы келісім аумақтық қазынашылық органында тіркеу күннен бастап күшіне енеді және 31 желтоқсан 2021 жылға дейін әрекет етіп, жауапкер келісім жасалған күннен бастап 26 ай ішінде жұмыстарды аяқтауы тиіс, қаржыландыру 2 036 367 001, 97 теңге, 293 999 999,61 теңге, 80 000 000 теңге, 178 930 262, 26 теңге қарастырылған.

12 қаңтар 2021 жылы тараптар осы Шартқа № 7 қосымша келісім жасаған. Осы келісім аумақтық қазынашылық органында тіркеу күннен бастап күшіне енеді және 31 желтоқсан 2022 жылға дейін әрекет етіп, жауапкер келісім жасалған күннен бастап 26 ай ішінде жұмыстарды аяқтауы тиіс, қаржыландыру 293 999 999,61 теңге, 2 036 367 001, 97 теңге,

Құжатқа қол қойылған: Аташева А. О., 17.03.2025

4712-24-3-1/4428

140 703 111, 30 теңге, 38 227 150, 96 теңге, 80 000 000 теңге қарастырылған.

15 маусым 2021 жылы тараптар осы Шартқа № 8 қосымша келісім жасаған. Осы келісім аумақтық қазынашылық органында тіркеу күннен бастап күшіне енеді және 31 желтоқсан 2022 жылға дейін әрекет етіп, жауапкер жұмыстарды аумақтық қазынашылық органында тіркеу күннен бастап 30 желтоқсан 2021 жылға дейін аяқтауы тиіс, қаржыландыру 293 999 999,61 теңге, 2 036 367 001, 97 теңге, 170 930 262,26 теңге, 8 000 000 теңге, 80 000 000 теңге қарастырылған.

26 қазан 2021 жылы тараптар осы Шартқа № 9 қосымша келісім жасаған. Осы келісім аумақтық қазынашылық органында тіркеу күннен бастап күшіне енеді және 31 желтоқсан 2022 жылға дейін әрекет етіп, жауапкер жұмыстарды аумақтық қазынашылық органында тіркеу күннен бастап 13 ай ішінде аяқтауы тиіс, қаржыландыру 293 999 999,61 теңге, 2 036 367 001, 97 теңге, 73 430 111, 33 теңге, 393 640 208, 09 теңге, 80 000 000 теңге қарастырылған.

26 желтоқсан 2022 жылы тараптар осы Шартқа № 10 қосымша келісім жасаған. Осы келісім аумақтық қазынашылық органында тіркеу күннен бастап күшіне енеді және 31 желтоқсан 2023 жылға дейін әрекет етіп, жауапкер жұмыстарды аумақтық қазынашылық органында тіркеу күннен бастап 13 ай ішінде аяқтауы тиіс, қаржыландыру 293 999 999,61 теңге, 2 036 367 001, 97 теңге, 1 теңге, 393 640 207, 09 теңге, 80 000 000 теңге, 73 430 111, 33 теңге қарастырылған.

20 қаңтар 2023 жылы тараптар осы Шартқа № 11 қосымша келісім жасаған. Осы келісім қол қойғанн күннен бастап күшіне енеді және 30 маусым 2023 жылға дейін әрекет етіп, жауапкер жұмыстарды аумақтық қазынашылық органында тіркеу күннен бастап 13 ай ішінде аяқтауы тиіс, қаржыландыру 293 999 999,61 теңге, 2 036 367 001, 97 теңге, 393 640 207, 09 теңге, 80 000 000 теңге, 73 430 111, 33 теңге қарастырылған.

27 қаңтар 2023 жылы тараптар осы Шартқа № 12 қосымша келісім жасаған. Осы келісім аумақтық қазынашылық органында тіркеу күннен бастап күшіне енеді және 31 желтоқсан 2024 жылға дейін әрекет етіп, жауапкер аумақтық қазынашылық органында тіркеу күннен бастап 30 маусым 2023 жылға дейн жұмыстарды аяқтауы тиіс, қаржыландыру 293 999 999,61 теңге, 2 036 367 001, 97 теңге, 391 641 587, 49 теңге, 1 998 620, 60 теңге, 80 000 000 теңге, 73 430 111, 33 теңге қарастырылған.

22 мамыр 2023 жылы тараптар осы Шартқа № 13 қосымша келісім жасаған. Осы келісім аумақтық қазынашылық органында тіркеу күннен бастап күшіне енеді және 31 шілде 2023 жылға дейін әрекет етіп, жауапкер аумақтық қазынашылық органында тіркеу күннен бастап 30 маусым 2023 жылға дейн жұмыстарды аяқтауы тиіс, қаржыландыру 293 999 999,61 теңге, 2 036 367 001, 97 теңге, 393 640 208,09 теңге, 80 000 000 теңге, 73 430 111, 33 теңге қарастырылған.

Құжатқа қол қойылған: Аташева А. О., 17.03.2025

4712-24-3-1/4428

31 шілде 2023 жылы тараптар осы Шартқа № 14 қосымша келісім жасаған. Осы келісім аумақтық қазынашылық органында тіркеу күннен бастап күшіне енеді және 31 желтоқсан 2023 жылға дейін әрекет етіп, жауапкер аумақтық қазынашылық органында тіркеу күннен бастап 30 маусым 2023 жылға дейн жұмыстарды аяқтауы тиіс, қаржыландыру 293 999 999,61 теңге, 2 036 367 001, 97 теңге, 80 000 000 теңге, 73 430 111, 33 теңге, 393 640 208,09 теңге, қарастырылған.

17 қараша 2023 жылы тараптар осы Шартқа № 15 қосымша келісім жасаған. Осы келісім аумақтық қазынашылық органында тіркеу күннен бастап күшіне енеді және 31 желтоқсан 2024 жылға дейін әрекет етіп, жауапкер аумақтық қазынашылық органында тіркеу күннен бастап 30 шілде 2024 жылға дейн жұмыстарды аяқтауы тиіс, қаржыландыру 293 999 999,61 теңге, 2 036 367 001, 97 теңге, 243 640 208,09 теңге,150 000 000 теңге, 80 000 000 теңге, 73 430 111, 33 теңге қарастырылған.

5 желтоқсан 2023 жылы тараптар осы Шартқа № 16 қосымша келісім жасаған. Осы келісім аумақтық қазынашылық органында тіркеу күннен бастап күшіне енеді және 31 желтоқсан 2024 жылға дейін әрекет етіп, жауапкер аумақтық қазынашылық органында тіркеу күннен бастап 30 шілде 2024 жылға дейн жұмыстарды аяқтауы тиіс, қаржыландыру 293 999 999,61 теңге, 2 036 367 001, 97 теңге, 74 519 208,99 теңге, 319 121 000 теңге, 80 000 000 теңге, 73 430 111, 33 теңге қарастырылған.

21 маусым 2024 жылы тараптар осы Шартқа № 17 қосымша келісім жасаған. Осы келісім аумақтық қазынашылық органында тіркеу күннен бастап күшіне енеді және 31 желтоқсан 2025 жылға дейін әрекет етіп, жауапкер аумақтық қазынашылық органында тіркеу күннен бастап 30 қазан 2024 жылға дейн жұмыстарды аяқтауы тиіс, қаржыландыру 293 999 999,61 теңге, 2 036 367 001, 97 теңге, 98 000 000 теңге, 221 121 000 теңге, 80 000 000 теңге, 73 430 111, 33 теңге, 74 519 208, 09 теңге қарастырылған.

Шарт және оған қосымша келісімдер бойынша жауапкер жұмысты 30 қазан 2024 жылы аяқтауы тиіс.

Талап қоюшы сотқа жүгініп, жауапкер Шарт бойынша міндеттемесін уақытылы орындамағанын көрсетіп, жауапкерді Шарт бойынша құрылыс жұмыстарын аяқтауды міндеттеуді, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тануды, 11 760 000 теңге тұрақсыздық айыбын өндіруді сұраған.

Содан кейін талап қоюшы талабын нақтылап, соттан жауапкерді Шарт бойынша құрылыс жұмыстарын аяқтауды міндеттеуді, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тануды сұрады.

Талап қоюшы өкілі сот отырысында талап қоюды қолдап, қанағаттандыруды сұрады..

Жауапкер өкілі сот отырысында талап қоюды ішінара мойындамап, жабазша қарсы пікір келтірген.

Құжатқа қол қойылған: Аташева А. О., 17.03.2025

Прокурор талап қоюды қанағаттандыруға жатады деген қорытындысын берді.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

№1 талап қою бойынша

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (әрі қарай - Азаматтық Кодекс) 386-бабының талабына сай шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылады.

Ал, осы Кодекстің 272-бабының талабына сәйкес міндеттеме-міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда – іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі Заң) 12 бабының 4–тармағының 3) тармақшасына сай, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізімін білдіреді.

Сот отырысында анықталғаны, Шартқа және қосымша келісімдерге сәйкес жауапкер құрылыс жұмыстарын 30 қазан 2024 жылы аяқтауға міндетті болған.

Алайда, жауапкер Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындамаған.

Жауапкердің өкілі сот отырысында осы мән-жайды жоққа шығарған жоқ.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (әрі қарай-АПК) 79-бабының 2-бөлігіне сай бір тараптың өзінің талаптарын немесе қарсылықтарын негіздейтін фактілерді екінші тараптың мойындауы алдыңғы тарапты осы фактілерді одан әрі дәлелдеу қажеттігінен босатады.

Заңның 12-бабының 4-тармағына сәйкес тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

Талап қоюшы заңда көрсетілген мерзімде талап қою арызын сотқа жолдаған.

Жауапкердің өкілінің Тапсырыс берушінің өтпелі кезеңді қаржыландыруды кешіктіргені нәтижесінде Мердігер осы кезеңнің құрылыс жұмыстарын уақытында орындай алмағаны жөніндегі уәжін сот негізсіз деп табады, себебі Шарт пен қосымша келісімдерде құрылыс жұмыстарының

Құжатқа қол қойылған: Аташаева А. О., 17.03.2025

құны ол жұмыстар аяқталып, қабылданғаннан кейін төленетіні көрсетілген, яғни жұмыстардың орындалу кезеңін алдын ала қаржыландыру ескерілмеген.

Істің мұндай тұрғысында сот, жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылуға жатады деп табады.

№2 талап қою бойынша

Сот отырысында жауапкер Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындаудан бас тартқан жоқ.

Істің мұндай жағдайында, сот талап қоюшының шарт міндеттемелерін толықтай орындауды міндеттеу туралы талабы қанағаттандырылуға жатады деп табады.

Сонымен қатар, АПК-нің 117-бабының 1-тармағына сай жауапкерден мемлекет пайдасына 3 932 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226 -баптарын басшылыққа ала отырып,сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Маңғыстау облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» мемлекеттік мекемесінің талап қоюы – қанағаттандырылсын.

«Altynzhol Group» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі шарт міндеттемелерін толықтай орындау міндеттелсін.

«Altynzhol Group» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«Altynzhol Group» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 3 932 (үш мың тоғыз жүз отыз екі) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты – шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 403,404-баптарын сақтай отырып, Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Маңғыстау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына беруі мүмкін.

Құжатқа қол қойылған: Аташева А. О., 17.03.2025

4712-24-3-1/4428

Судья А.О.Аташева



«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
- Сот өндірісі -
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»
- Судопроизводство -

Құжатқа қол қойылған: Аташева А. О., 17.03.2025

4712-24-3-1/4428



Құжатқа қол қойылған: Бақытжанова Г. К., 22.05.2025

4799-25-3-2/426

Судья: А.Аташева

ҚАУЛЫ
(қарар бөлігі)

2025 жылғы 20 мамыр №4799-25-00-2а/424 Ақтау қаласы

Маңғыстау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасы құрамында:

төрағалық етуші Г.Қ.Бақытжанова,

алқа судьялары А.Н.Ахметова, А.А.Молбаева,

прокурор М.Ботабеков болып,

талап қоюшының өкілі А.Салиевтің, жауапкердің өкілі С.Шамхановтың қатысуларымен,

облыстық соттың ғимаратында дыбыс-бейне жазба құралын пайдаланумен өткен ашық сот мәжілісінде,

Маңғыстау облысы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2025 жылғы 7 наурыздағы шешіміне жауапкердің апелляциялық шағымы бойынша келіп түскен

талап қоюшы «Маңғыстау облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» ММ-нің жауапкер «Altynzhol Group» ЖШС-не шарт міндеттемелерн толықтай орындауды міндеттеу, мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы электронды азаматтық ісін қарап,

Қазақстан Республикасының АПК-нің 424-бабының 1-бөлігі 1)-тармақшасы мен 426-бабын басшылыққа алып, сот алқасы

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

Маңғыстау облысы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2025 жылғы 7 наурыздағы шешімі өзгеріссіз, апелляциялық шағым қанағаттандырусыз қалдырылсын.

Қаулы жарияланған кезден бастап заңды күшіне енеді.

Тараптар, іске қатысушы басқа да тұлғалар қаулымен келіспеген жағдайда Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің талаптарына сай қассациялық тәртіпте шағым, наразылық беруге құқылы.

Төрағалық етуші Г.Қ.Бақытжанова

А.Н.Ахметова

А.А.Молбаева

Құжатқа қол қойылған: Бақытжанова Г. К., 22.05.2025